

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Жыныс мүшелерінің гистологиясы.

**Орындаған:** Серикбоев У

209- ЖМ

**Қабылдаған:** Эргешева С

2015 жыл

# Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Аталық жыныс жасушасы.
- Аналық жыныс жасушасы.

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер

Пайда болуынан бастап, өмірінің ақырына дейін әрбір организмде өтетін бір ізділі *морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық* өзгерістердің жинағы **онтогенез** (гр. *ontos* - мақұлық, тірі жәндік; *genesis* - пайда болу) немесе *индивидуальді*, яғни *жеке даму* деп аталады). Дәрігерлік қызметтің негізгі нысанасы - адам онтогенезінің *қалыпты жағдайы және патологиялық ауышқулары*. Жыныс жол арқылы көбейетін организмдерде (онтогенездің екі кезеңін ажыратады: *эмбриондық және постэмбриондық*.)

(Аналық жасушаның ұрықтануынан басталып, нәрестенің дүниеге келген шағына дейін өтетін жаңа организмнің даму процестерін **эмбриондық** (ұрықтық) даму немесе эмбриогенез деп атайды. Туылғаннан кейін жалғасып, организмнің табиғи өлімімен аяқталатын **постэмбриондық** даму кезеңі басталады. Оитогенезде осы периодтармен қатар **прогенезді** (проэмбриондық, ұрықтық даму алдындағы), яғни *гаметалар* (жыныс жасушалар) қалыптасатын кезеңді де ажыратады (6-тарау, 2). Шын мәнінде прогенез эмбриогенезге жатпайды. Бірақ, егер гаметалардың дамуы кезінде кешкен күйі болашақ онтогенезге ықпалын тигізуі мүмкін екендігін еске алсақ, онда прогенезді адам эмбриологиясы бөлігінде қарастыруымыз өте орынды болып шығады.)


(Жалпы эмбриология (гр. embryo-ұрық, logos-ғылым) - ұрықтың қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын зерттейтін ғылым) Жануар әлемінің түрлі типтері мен кластары өкілдерінің жеке даму процестерін салыстыру арқылы, эмбриогенездің ерте кездік сатылары барлық жануарларда (омыртқасыздар, сүт қоректілер) және адамда ұқсас екендігі анықталды.

**Адам эмбриологиясы** - адам ұрығы дамуының, яғни оның құрылысы және қызметтерінің қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Студент үшін кейбір *клиникалық пәндерді* (педнатрия, акушерлік қызмет, гинекология) игеруіне және болашақ *дәрігерлік практикасына* эмбриологиялық мәліметтерді жетік білудің маңызы зор. Себебі, әртүрлі ішкі және сыртқы *зиянды факторлардың* әсерінен қалыпты эмбриондық даму, ана-нәресте жүйесіндегі қағынастар бұзылып, *түсіктер, тұя біткен келісіліктер, нәрестенің туылғаннан кейін болатын аурулары (мысалы, қатерлі ісіктер)* пайда болады. Олардың даму механизмдерін, факторларын анықтау негізінде, *медициналық эмбриология* осы *эмбриопатияларды* (embryon-ұрық, pathos- азап шегу) алдын алу, емдеу шараларын жете зерттейді. Бұл ғылымның соңғы он-он бес жылдықтағы *жетістіктері* ретінде *бедеуліктің* себептерін анықтау, оны емдеу, *экстракорпоральді* (ананың денесінен тыс) *ұрықтандыру, фетальді* (лат. fetus- жатырдың ішіндегі нәресте) мүшелердің *трансплантациясын* (жамау, көшіріп қондыру), т.б. атап өтуге болады.

2.1. *Аталық жыныстық жасушалар* (сперматозоидтар, спермий) жыныстық жетілу кезінен (13-15 жас) бастап, аталық жыныс безінде үздіксіз пайда болып отырады (IV бөлім). Жетілмеген жыныс жасушалар - *сперматогоний*лардан бастап, 72 тәулік бойы өтетін *сперматогенез* арқасында, кемелдеген *сперматозоидтар* дамып шығады.

Сперматозоид, құрылысы мен қызметі жағынан айырмашылығы бар және ортақ плазмалеммамен қапталған, төрт бөліктерден тұрады: бас, мойын, дене және құйрықтау (6.1-сурет, А-В). Басының пішіні бет жағынан қарағанда дөңгелек болады, қырынан - жалпақша (6.2-сурет, А, 1-2). Мұнда ДНҚ-сы өте тығыз жинақталғандықтан, активті емес гаплоидты ядросы орналасады. Оның құрамындағы 23 хромосомдардың 22-сі аутосомдар, ал,

біреуі - жыныс (Х, немесе Y) хромосомдар. Сонғылар ұрықтану кезінде хромосомдық жынысты анықтайды (6-тарау, 3.1).





2.2. *Аналық жыныс жасушасы.* Жыныстық жетілу мезгілінен, яғни 12-14 жастан бастап, ұзақтығы 24-28 күндік *өрбір овариальді - менструальді* (етеккір) цикл соңында, әйелдердің аналық жыныс бездерінде, әдетте, *бір ғана* аналық жыныс жасушасы (жұмыртқа жасушасы, овоцитІІ) *пісіп жеті-*

*леді.* Әйелдің *репродуктивтік* (ұрпақтану) қызметі кезеңі аяқталғанша, яғни 45-50 жаста басталатын климаксысқа дейін. 400-ге жуық пісіп жетілген *аналық жыныс жасушалар* дамиды. *Овуляция* немесе *келеденген* овоциті бар Грааф көбікшесінің жарылуы нәтижесінде, аналық жыныс безінен күрсак қуысына шыққан *ІІ-ші ретті овоцитті* жатыр түтігінің *иалшақтары* қағып алып, *күйгыншы* (оймыш, воронка) арқылы жатыр түтігінің *қуысына* түсіреді (6.9-сурет). Мұнда оның пісіп жетілуінің мейоздық екінші бөлінуі басталып, метафазада тоқталады (6.3-сурет). Бұл процесс ұрықтану кезінде жалғасады (6-тарау, 3.1).

## Қорытынды:

Қорытындылай келе біз аталық және аналық ыныс мүшелерінің гистологиялық құрылысын атқаратын қызметін дамуын білдік

## Қолданылған әдебиетер:

□ С.А . Ажаев